

ЖАС ЖҰБАНОВШЫ

Әміржан Сағидолла
Zhubanov University
Филология факультеті

«Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» мамандығының
2 курс студенті, Республикалық ғылыми-шығар-
машылық «Мағжан оқулары» байқауының қалалық
кезеңінің ІІІ дәрежелі дипломанты, «Ақтөбе қалалық
жастар ресурстық орталығы» КММ «Жаңа толқын»
жобасының жеңімпазы.

—Еліміздің батыс өңіріндегі №1 жоғары оқу ор-
нында білім алып жатқанымды мақтан етемін.

Университетіміз қазақтың саңлақ ұлы, тіл
білімі саласындағы туңғыш профессор, Мемле-
кет қайраткері Құдайберген Жұбановтың атында
болуы осында оқитын әр білім алушыға зор жа-
уапкершілік жүктейді. Құдайберген Жұбановтың
педагогтік жолын жалғастыру мүмкіндігі мен үшін
үлкен мәртебе.

Университетте болашақ мамандығым мен
шығармашылық талабым үйлесім тауып, жетістік-
терге жетіп жатырмын.

Жаңа Қазақстанның іргесін нығайту білімі те-
рең, Отаншыл жастардың қолында!

ҚҰДАЙБЕРГЕН
ЖҰБАНОВТЫҢ
КЕНЖЕ КЕЛІНІ

6-7 БЕТТЕР

ҚҰАНЫШПЕН
КЕЗДЕСКЕНШЕ!

12-13 БЕТТЕР

ДИАЛОГ
АЛАҢЫ —
ZHUBANOV
UNIVERSITY
КІТАПХАНАСЫ

16-БЕТ



✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Құдайберген Жұбановтың туғанына 125 жыл толуына байланысты Zhubanov University өңірлік жоғары оқу орнында өткен «Жұбанов тағылымы» XI халықаралық ғылыми конференциясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауы оқылды.

Құттықтау хатпен іс-шараға арнайы қатысқан Ақтөбе облысы әкімі Асхат Шахаров таныстырды.

— Құдайберген Жұбанов — қазақ лингвистикасының теориялық негізін қалауға атсалысқан ғұлама ғалым. Ол тіл білімін терең зерделеп, ғылыми қауымдастық бірауыздан мойындаған іргелі еңбектер жазды. Түркологияның өзекті мәселелерін жан-жақты зерттеді. Сонымен қатар түрлі жауапты қызметті абыроймен атқарып, туған халқының игілігі үшін аянбай тер төкті.

Ағартушы-ғалымның ерен еңбегі ешқашан ұмытылмайды. Оның мол мұрасын жан-жақты зерделеп, есімін ел жадында жаңғырту — баршаға ортақ парыз. Осы орайда бұл басқосудың тағылымдық мән-маңызы зор. Төл тарихымызда айрықша орны бар тұғырлы тұлғаның өмірі мен шығармашылық жолы жас ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге бо-

лады деп сенемін, — делінген құттықтау-хатта.

ПОЗДРАВЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА

На XI международной научной конференции «Жұбанов тағылымы» в Zhubanov University, посвященной 125-летию Кудайбергена Жубанова, было зачитано поздравление Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева.

Поздравительное письмо озвучил аким Актюбинской области Асхат Шахаров.

— Кудайберген Жубанов — выдающийся ученый, сыгравший ключевую роль в формировании теоретической основы казахского языкознания. Он глубоко изучал лингвистику и написал фундаментальные работы, которые были признаны научным сообществом. Ученый всесторонне исследовал актуальные вопросы тюркологии. Кроме

того, Кудайберген Жубанов достойно исполнял различные ответственные обязанности и усердно трудился на благо своего народа.

Труд видного просветителя-ученого никогда не будет забыт. Необходимо всесторонне изучать его богатое наследие и сохранить его имя в памяти народа. Это наш общий долг. Значение данного мероприятия, его образовательная ценность, безусловно, велика. Жизнь и научный путь выдающегося деятеля, имеющего особое место в нашей истории, всегда будет служить примером для подрастающего поколения, — говорится в поздравительном письме.

PRESIDENTIAL CONGRATULATIONS

At the XI International Scientific Conference "Zhubanov Tagylymy" at Zhubanov University, dedicated to the 125th anniversary of Kudaibergen Zhubanov, a congratulatory message from the President of the Republic of Kazakhstan, Kassym-Jomart Tokayev, was read aloud.

The congratulatory letter was delivered by the Akim of the Ak-tobe Region, Askhat Shakharov.

"Kudaibergen Zhubanov was an outstanding scholar who played a pivotal role in establishing the theoretical foundations of Kazakh linguistics. He conducted in-depth linguistic research and authored fundamental works recognized by the scientific community. The scholar thoroughly studied pressing issues in Turkology. Moreover, Kudaibergen Zhubanov honorably fulfilled various significant responsibilities and worked diligently for the benefit of his people.

The contributions of this prominent educator and scholar will never be forgotten. It is essential to comprehensively study his rich legacy and preserve his name in the memory of our people. This is our shared duty. The significance of this event and its educational value are undoubtedly immense. The life and academic journey of this remarkable figure, who holds a special place in our history, will always serve as an inspiration for future generations," stated the congratulatory letter.



Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

БЕЛСЕНДІ ТҮЛЕКТЕР

Zhubanov University университетіне 2000 жылдарда білім алып, қоғамдық өмірде белсенді болған 40-қа жуық түлек келіп, білім ордасының бүгінгі тынысына тамсанды. Оларды бастап келген 2004-2012 жылдары Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы қызметін атқарған Бибиғұл Ақжигитова.

Белсенді түлектермен кездесуге университет ректоры Лаура Қарабасова қатысты.

ЖОО басшысы оқу орнындағы трансформациялық өзгерістермен, бүгінгі және алдағы жоспарларымен таныстырды. Сондай-ақ оқу орнын бітіріп, жаңа сатыға қанат қаққан әр түлектің өмірлік жетістіктерін мақтан тұтатынын айтып, ықылас білдірді.

Бастамашы Бибиғұл Ақжигитова өз кезегінде жылы қарсы алуға алғысын айтып, "Оқу орнының Жастар ісі жөніндегі комитет белсенділері бүгінгі күні әр саланың мықты мамандары атанып отыр. Олар еліміздің түкпір-түкпірінде мемлекеттік қызметте, басшылық лауазымдарда, журналистика саласында, білім мен ғылым саласында жемісті еңбек етуде. Азаматтық ұстанымы мықты тұлға қалыптастыруда алма-матерден алған білім мен тәрбиенің маңызы зор, — деді.

Белсенді түлектер университеттің "Түлектер қауымдастығына" мүшелікке қабылданды.

ЖОО өзінің 90 жылға жуық тарихында 60 мыңнан астам білікті кадрлар дайындады.

КЕЗДЕСУ



АКТИВНЫЕ ВЫПУСКНИКИ

В Zhubanov University состоялась встреча с 40 выпускниками 2000-х годов, которые проявляли активность в общественной жизни вуза. Они выразили восхищение нынешними достижениями

университета. Делегацию возглавила занимавшая должность в 2004-2012 годах председателя Комитета по делам молодежи Бибиғұл Ақжигитова.

На встрече с активными выпускниками присутствовала ректор университета Лаура Карабасова. Глава вуза рассказала о

трансформационных изменениях, происходящих в университете, а также о текущих и будущих планах. Она выразила гордость за жизненные достижения каждого выпускника, которые окончили университет и достигли новой ступени в своей карьере.

Инициатор встречи, Бибиғұл Ақжигитова, в свою очередь, поблагодарила за теплый прием и отметила: "Активисты Комитета по делам молодежи нашего университета сегодня стали высококлассными специалистами в разных областях. Они успешно трудятся по всей стране: в государственной службе, на руководящих должностях, в журналистике, в сфере образования и науки. В формировании гражданской позиции и становлении личности огромное значение имеют знания и воспитание, полученные в стенах альма-матер".

Активные выпускники были приняты в члены университетской "Ассоциации выпускников".

За свою почти 90-летнюю историю университет подготовил более 60 тысяч высококвалифицированных специалистов.

ACTIVE ALUMNI

Zhubanov University hosted a meeting with 40 alumni from the 2000s who were active participants in the university's social life. They expressed admiration for the university's current achievements. The delegation was led by Bibigul Akzhigitova, who served as Chair of the Youth Affairs Committee from 2004 to 2012.

The meeting with the active alumni was attended by the university's rector, Laura Karabasova. She shared insights about the transformational changes taking place at the university, as well as its current and future plans. She expressed pride in the life achievements of each alumnus, who graduated from the university and advanced to new heights in their careers.

The initiator of the meeting, Bibigul Akzhigitova, expressed gratitude for the warm reception and noted:

"The active members of the Youth Affairs Committee at our university have now become top-class specialists in various fields. They are successfully working across the country in public service, leadership positions, journalism, and in the fields of education and science. The knowledge and upbringing received within the walls of our alma mater play a crucial role in shaping civic values and personal growth."

The active alumni were inducted into the university's "Alumni Association."

Over its nearly 90-year history, the university has trained more than 60,000 highly qualified specialists.



✓ 125 th anniversary of the birth of K.Zhubanov



38 жасында жазықсыз жала құрбаны болған ғалым ҚазПИ-де кафедра меңгерушісі, КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының тіл, әдебиет секторы жетекшісі, халық ағарту комиссариатының коллегия мүшесі және әдістемелік-авторлық оқулықтар секторының меңгерушісі, Ұлт мәдениетін зерттеу институтының ғылыми кеңесі мүшесі және тілтану бөлімінің меңгерушісі, терминком Байтұрсынов пен Жұбанов төрізді ұлы тұлғаларға қарыздар» десе, Әбдуәли Қайдар «Құдайберген Жұбанов қысқа ғұмырында бір өзі академиялық институт атқарарлықтай ауқымды жұмысты орындап шықты» деп баға берген. Жиында ҰҒА академигі Кәрімбек Құрманалиев жеті тіл білген ғалымның қайраткерлігі насихатталмай жатқанын, оның төңкерістен кейінгі халықты сауаттандыру, мектеп ашу ісіндегі еңбегін зерделеуді ұсынды.

Осы ретте Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Сабыржан Мұхтаровты айтары бар.

«Ертеректе үлкендерден Қ.Жұбановтың ағайынды Төлеу Бәсенов пен Нәби Жақсыбаевты жетімдер үйіне орналастырып, кейін оларды Ленинградқа оқуға жіберіп, қаражат жіберіп тұрғанын естідім. Кейін осы жайында Құдайберген атамыздың жары Раушан әжеміздің естелігінен оқыдым. Төлеу мен Нәбидің өздерімен тығыз араласып тұрғанын Есет Құдайбергенұлы да айтқан еді. Төлеу Бәсенов — тұңғыш қазақ сәулетшісі, ал Нәби Жақсыбаев металлургия саласының білікті маманы, басшысы, Социалистік Еңбек Ері», — дейді ол.

Құдайберген

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде қазақ тіл білімінің іргетасын қалауға зор үлес қосқан Құдайберген Жұбановтың туғанына 125 жыл толуына арналған «Жұбанов тағылымы» атты халықаралық XI конференция өтті.

ТІЛДІҢ ТҮПНЕГІЗІН ЗЕРТТЕУГЕ БАСЫМДЫҚ БЕРГЕН

Халықаралық «Қазақ тілі» академиясының және халықаралық түркітану орталығының президенті Ерден Қажыбек Құдайберген Жұбанов көтерген лингвистиканың мәселелері қазіргі күні де өзектілігін жоймағанын атап өтті. Ғылыми жаңалықтар ерекше жылдамдықпен ашылып жатқан уақытта ұлттық әлеуетімізді сақтап қалуға ел тарихын объективті зерделеу өте маңызды. Мұның алғышартын арыстарымыз қалай бастағанда кедергілерге тап болды. Мәселен, түркі халықтары тарихын шумерлерден бастап зерттеуге тырысқан Нәзір Төрехұловтың еңбегі жойылып, Мұхамеджан Тынышбаевтың кітабы жоғалып кетті. «1970 жылдары Ташкент университетінің оқу залынан М.Тынышбаевтың қолтаңбасы бар кітабын көрдім. Кейін Әлкей Марғұлан осы еңбекті елге алдырды. Қазақ мемлекетінің тарихы бір қауымның елге өкпелеп, көшіп кеткен елеусіз оқиғасынан басталмайды. Біз әлі күнге дейін сақ дәуірінен басталған көне тарихымызды білмейміз. Мыңжылдықтардан келген тұтас ілім Әл-Фараби, Баласағұни еңбектерінде, Ясауи хикметтерінде көрініс тауып, Абай мен Шәкәрімнің толық адам тұжырымдамасымен жалғасты. Құдайберген Жұбановтың көне тілдердің өзара байланысын зерттейтін ең қиын сала — полилингвистикаға көңіл бұру да кездейсоқтық емес. Жеті тілді жетік білген ғалым қазақ тілінің терминологиясын қалыптастыруда тілдің түпнегізін сүйену қажет деген теория ұсынды. Өкінішке қарай, оның «баялистикасын» түсінетін адамдар санаулы ғана болды. Тілдің түпнегізі дегенде мына мәселені естен шығармаған жөн. Күллі түркі халықтарында екі тіл болды. Бірі — туыс халықтарға ортақ, ғылыми, кітаби, мәдени, саяси, поэзия тілі — түркі, кейін шағатай тілі деп аталды. Онымен бүкіл түркі халқы хат-хабар алмасты. Екіншісі — қыр-

ғыз, ноғай, қазақ, құмық, қарашай, т.б. бөлінген туыс халықтардың өз тілі», дейді Ерден Қажыбек.

Ғұмырын математикалық лингвистикаға арнаған Асқар Құдайбергенұлының да еңбегі зор. Математика, музыка, лингвистиканы кәсіби түрде зерттеген осы әулеттің ғылымға қосқан үлестеріне жалпытүркілік деңгейде зерттеу жүргізілсе, текті әулеттердің қоғамды ілгерілетудегі рөлін бағамдауға қозғау болар еді. Осы жағынан Ақтөбе өңірлік университетінде бірнеше жыл бұрын ашылған «Жұбановтану» зертханасының рөлі өте жоғары. Бұл тұлғатану бағытындағы зор қадам, — дейді Ерден Қажыбек.

ТЕКТІЛІКПЕН КЕЛГЕН ТЕМІР МІНЕЗ

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжан тіл тарихына байланысты зерттеулердің кенжелеп қалғанын жасырмады. Адамның тілі мен санасы арасындағы байланысты зерттейтін психоллингвистика саласы да тұралады, қазақ тілінің этимологиялық жаңа сөздігін даярлау да кезек күттірмейтін іс. «Мұның алғышартын алдыңғы буын бастап кетті. Мәселен, Қ.Жұбанов «Күй» деген мақаласында күй төңірегіндегі қаншама көне сөздердің этимологиялық анықтамасын бере отырып, жыр мен толғау, қисса-дастандардың ұлттың рухы, жаны екендігін ұғындырады. Психоллингвистикада ұлттық сана, мемлекет, Отан, туған жер ұғымдары баланың ой-санасында қалыптасып, өмірлік бағдарына айналады. Осы ұғымдарды толықтай сіңіру қазіргі жаһандану кезінде өзектірек бола түскенін көріп отырмыз. Сондай-ақ қолданбалы лингвистиканың негізін қалаған Асқар Құдайбергенұлы Жұбановтың еңбектеріне де тереңірек үңілу керек.

М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының Семей қаласындағы филиал директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Ердем-

Жұбанов тағылымы

беков Құдайберген Жұбановтың адами болмысына тоқталды. Губерниялық оқу бөлімінде қызмет еткен жылдардан бастап дарынды жастардың білім алуына жағдай жасаған, үйінде жатқызып қаржылай көмектескен. ҚазПИ-де оқытушылық қызметінде де жас мамандарды ғылымға, ұстаздыққа баулыған. «Пікір қайшылықтарына байланысты Ахмет Байтұрсынұлы мен Құдайберген Жұбановтың арасына алауыздық туғызғысы келгендерге қарамастан, олар аға мен інідей сыйласты. Ахмет Байтұрсынұлы қуғындалып, жұмыстан босап қалғанда, ҚазПИ-ге жұмысқа орналасуына себепші болды. Көркем мінезді, сабырлы, аса білімді, саясатқа да белсене араласпаған, таза ғылым мен білімінің соңында жүрген Құдайберген Қуанұлы абақтыға қамалса, әрі кеткенде Сібірге айдалса жаны аман қалар ма еді деп күйінеміз. Қылмыстық айыптау ісімен танысқанымызда, оның атылуына қасында жүрген, студент кезінен таныс, бірге қызметтес болған екі әріптесінің арызы себеп болғанын білдік. Бұл жерде іштарлық пен көреалмаушылықтан басқа ештеңе жоқ. Тергеу материалдарын оқып



отырып, ғалымның батылдығына тәнті болдық. Түрлі жазалау, қинауды айтпағанда, бала-шағасына зиян тигіземіз деген қысымнан соң айыпталушылар амалсыздан мойындауға, кешірім сұрауға мәжбүр болса, Құдайберген Қуанұлы ажалға қасқайып тұрып, кесімді сөзін айтқан. Аштан қырылған адамдардың сүйегінің үстіне орнатқан социализмнің қажеті қанша дейді тергеушіге. Большевиктердің қа-

зақтарға жасап жатқан қанқұйлы әрекеттерін тергеушінің бетіне басу жүрек жұтқандық қана емес, тектілікпен келген темір мінез. 1930-ы Абайға қарсы басталған шабуылдар 1950-і жылдардың соңына дейін жалғасып, әдебиеттану ғылымының берекесін кетірді. Ақын мұрасын негізсіз шабуылдардан екі адам қорғаса, оның бірі — Мұхтар Әуезов, екіншісі — Құдайберген Қуанұлы еді. 1934 жылы

жазған мақаласында Құдайберген ағамыз Абайдың қуғында жүрген Тұрағұлы жөнінде атап кетеді. Осы мақаладан Абайды тереңірек зерттеуге қамданғанын байқаймыз. Шығыс классиктері, ренессанс өкілдерін Абайдың шығармашылық болмысымен салыстырады. Абайдың ойшылды, шығармашылық болмысының тереңдігі, тілінің шұрайлылығы жан-жақты талдана келе, Жұбанов ұлы ақынымызға халық әдебиетінің ірі өкілі деп баға береді. Бұл жерде айтып өтетін бір мәселе — қазіргі кезде біз айтып жүргендей емес, халық ауыз әдебиеті деп емес, халық әдебиеті деп қалыптастырған», — деді Бауыржан Ердембеков.

Конференцияны қорытындылай келе, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ректоры Лаура Қарабасова қазіргі өзгермелі, сын-қатерге толы дүниеде студенттерімізге дұрыс бағдар беруде, олардың мемлекетшілдік ұстанымдарын қалыптастыруда және өмірде өз орындарын табуда тұлғатанудың маңыздығын атап өтті. «Қазақ қоғамының сапалық дамуына жақсы үлгі бола білген Жұбановтар әлі де талай ұрпаққа өнеге болып қалмақшы. Екінші жағынан, қазақ тілінің заманмен бірге өсіп, жаңа тілдік қолданыстармен толығына Құдайберген Жұбанов көп еңбек сіңірді. Тілді үнемі өзгеріп, жаңарып, толығып тұратын тұтас ұлттың жанды ағзасы деп қарастырған ғалымның мұраларын әр қырынан зерттеуді жалғастыра бермекпіз», — деп қорытындылады.

Баян ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ
egemen.kz



✓ 125 th anniversary of the birth of K.Zhubanov

Эльмира Баймаханқызы Жұбанова Құдайберген Жұбановтың кенже келіні. Мамандығы — журналист. Ол қазақтың тіл білімі саласы бойынша тұңғыш профессорының кенже ұлы — Асқар Жұбановтың жары. Асқар Құдайбергенұлы Жұбанов филология ғылымдарының докторы, профессор, ғұмырын математикалық лингвистикаға арнаған ірі ғалым. «Қазақ тілінің статистикасы», «Формальды модельдер», «Қолданбалы лингвистикаға кіріспе», «Тіл қазына», «Корпустық лингвистика», «Қолданбалы тіл білімінің мәселелері» тақырыбындағы маңызды кітаптардың авторы.

...Қысқа ғұмырында өмірдің бір қызығы — қызын ұзатып, көлін түсіруге үлгермеген Құдайберген Жұбановтың алты баласынан тараған ұрпақ бүгінде бір төбе ел. Бәрі де баба рухына лайықты өмір кешуде.

Ал кенже келіні Эльмира Жұбанова Жұбанов ілімін дәріптеуге мол үлес қосып жүр. Нағыз жұбановшы атына сай ардақты жан. Жуырда сұқбаттасудың реті түсті.

— Эльмира Баймаханқызы, біз сізді Құдайберген Жұбановтың келіні ретінде өте құрметтейміз. Бұл мәртебені лайықты алып жүру оңай емес болар.

— Асекеммен 20 жыл бірге өмір сүрдім. Бұл менің ең бақытты жылдарым. Әйел ретінде, жар ретінде, дос ретінде. Жұлдызымыз да үйлескен сияқты. Ол — Сарышаян, мен — Мергенмін.

Табиғатымнан сөзімде тұратын, жинақылықты, тазалықты сүйетін, бірсөзді, жалғандықты жаратпайтын, жалпақтауды білмейтін, бетке тіке айтатын мінездімін. Бұл мінезім Асекеме ұнайтын. Жылтырақ, әсіре қызыл, жалған мақтауды ұнатпайтын жерлеріміз де үйлесетін. Нағыз ақыл тоқтатқан жаста қосылдым ғой. Танымал әулеттің лайықты келіні, танымал жанның лайықты жары болуға тырыстым.

Асекеммен бірге, менің де әрбір сөйлеген сөзім, жүріс-тұрысым ел алдында болды.

— Жарыңыз Асқар Құдайбергенұлын осы Ақтөбеге, әкесіне байланысты іс-шараларға келіп жүрген кездерінен білеміз ғой. Жанарына мейірім тұнған, өте қарапайым, өн бойынан тектілік есіп тұрған жан еді. Дүниеден өткенде қимадық. Отбасына қалдырған өнегесі жайлы айтыңызшы.

— Асекемнің сырттан бақылаған адамға жүріс-тұрысы сұсты, өте салмақты болып көрінгенімен, тұрмыста өте жұмсақ адам болатын. Жан тазалығы мен мәдениеттілік өн бойынан есіп тұратын. Әрине, өзіне тән мінезі де бар еді. Мен ол кісінің бар жағдайын жасадым деп ойлаймын. Ол орынсыз қыдырудың, ойын-күлкінің адамы болмады. Жазғы демалыста менің туған жерім Түркістанға, Шәуілдірге баратынбыз. Киелі Арыстанбақа, Қожа Ахмет Ясауиге барып зиярат етіп, сосын Арысқа, Сырдарияға суға түсіп, бір жеті демалсақ соған рахаттанып, сергіп қалатын. Балаларға өте жайлы еді. Ұлдарыма нағыз әке болды. Қолынан келген үй шаруасын үйретіп отыра-

тын. Оның қолынан көп нәрсе келді, істен шыққан радио-телетехника мен сантехниканы жөндеу, мебель жасау, тіпті үйдің жөндеу жұмыстарын да өзіміз бірге атқара беретінбіз.

Ал Асекем кабинетінде жұмысын жасағанда, үйде тылсым тыныштық орнайтын. Бәріміз артық дыбыс шығармайтынбыз. Жастайынан осы тәртіпке үйренген балаларым әлі сол, аяқтарының ұшымен жүреді.

— Алдында арқа сүйеген апағалары болғасын әкесін жоқтатпаған дедіңіз. Дегенмен әкесі жайлы айтушы ма еді? Анасының тәрбиесін көрді ғой енді.

— Кейде кабинетіне (тамаққа шақырып) рұқсатсыз кіріп қалсам әкесінің суретін сипалап отырғанын



Құдайберген Жұбановтың



байқап қалатынымын. Ия, әкесін көрмегенмен алдында Мүслима апай, екі ағасы — Ақырап, Есет ағайлар болған, жетімдікті аса сезінбеген. Бірақ әкенің аты әке ғой. Кейде кейбір авторлар атамыздың еңбектеріне сілтеме жасамай жатады, сонда Асекем «Менің әкемнің атын айтуға әлі қорқа ма, әлі «халық жауы» деп ойлайды-ау деймін» деп қынжылатын. Мен де онымен келісемін. Шынында да терминология, лексикология, фонетика салаларында жасалған баяндамалар мен жазылған мақалаларды көргенде, нәліктен кей авторлар атамыздың еңбектеріне сілтеме жасамаған деп ойлаймын.

— Ағайынды Жұбановтардың үлкен әулеті туралы бұрын білген боларсыз, алғаш келін боп келгеніңізде қандай әсерде болдыңыз?

— Мүслима апайым біз отбасын құрғанда әулеттің үлкені болғасын,

батасын берді. Жақсы араласып тұрдық. Ол әке бейнесін ардақтап, сағынып өтті. Ес білген шағында айырылған ғой. Мұслима Жұбанова қазаққа белгілі ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты, «Әліппе» оқулығының алғашқы авторы. Бірнеше монография шығарды. Ақырап ағай кәсіби суретші болды, Орал Таңсықбаев атындағы Көркем сурет колледжінің 30 жыл директоры болған, филология ғылымдарының докторы, профессор Есет ағай елге белгілі тұлға, әке ісін жалғастыру үшін Ақтөбеге көшіп, өмірінің соңына дейін тіл білімі саласына маман даярлауға үлкен үлес қосты. Сол салада жас ғалымдарға жөн сілтеп, жетекшілік етті. Мамандығы экономист, «Атакент» Бас павильонының 30 жылдан аса директоры болған Қызғалдақ Құдайбергенқызының да әке туралы әңгімелерін талай тыңдадым.

Асекеммен қосылғанда ол кісінің Құдайберген Жұбановтың кенже баласы екенін білмедім.

Өзім ҚазГУ-дың журналистика факультетін бітірдім, бірақ ғалым Асқар Жұбанов жайлы естімеппін. Өйткені мектепте де, техникумда оқығанымда да, университетте де ол кезде Құдайберген Жұбанов туралы деректер кең айтылмады.

Тіпті мектептің «Қазақ тілі» кітаптарында атамыздың аты әлі енгізілмеген.

Мұслима апайым барлығын өзі айтып берді. Сол кезде атақты Жұбановтар әулетіне келін болып келгенімді толық біліп, жауапкершілік жүгін сезіндім. Ата-анам берген оң тәрбиенің де көмегі тиді.

гінің көп нәтижесі сіздің қолдауыңызбен жүзеге асқан деп ойлаймыз.

— Біз қосылған кезде, әрине Асекем филология ғылымдарының кандидаты еді. Тіл білімі институтында кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс істеп жүрді, ғылыми ортада абыройы, салмағы бар болды ғой, дегенмен сәл уақыт өткесін мен одан «Неге докторлық қорғамағансыз?» (докторлық диссертация, авт.) деп сұрадым. Ортада ол кісінің басынан біраз қиыншылық өткен екен, бір қызы түгел отбасымен жол апатынан қаза болған, бір қызы мединститутта оқып жүріп қайтыс болған, сүйген жары дүниеден озған. Бұл жағдайларды көтеру оңай емес. Бірақ мен «Енді қорғаңыз, мен қолдау көрсетемін», — дедім. «Егер қорғасаңыз, бір қыз туып беремін», — деп әзілдеп те қойдым. Расында 12 айдан соң Еңлігіміз дүниеге келді. Жас нәресте Асекемнің өмірге деген құштарлығын арттырып, ғылыми жұмысына жаңа тынысын ашты. Тапжылмай бір жыл отырып, докторлық диссертациясын жазып шықты, жоғары дәрежеде, сәтті қорғады.

Дастарқан басындағы әңгімеміз сондай жарасымды еді. 20 жыл отасқанда 20 кітап шығарыппыз. Шығарыппыз дейтінім, мен Асекемге барша қолдауымды көрсететінмін. Кейбір сілтемелерді тауып беріп те отыратынмын. Докторлық қорғағаннан кейін, екі жыл өткесін профессорлық атақ алды, сосын ҚазҰУ-ға оны оқытушылыққа шақырды. «Сабақ бермегеніме көп болды, 20

рет қатысатынын білгендей «Осы конференцияны жақсылап өткізейік» деп күні-түні дайындалып еді. Жаны нәзік, бірсөзді Асекем отбасында қыздары Назым мен Еңлікті еркелетті, ұлдарым Дархан мен Айбекті өгейсітпей, жақсы әке болды. Әңгімеміз бітпейтін еді. Сенбі мен жексенбі күндері сыртта серуендеп жүретінбіз. Сол күндерді ойлап, қатты қамығамын.

— Әлеуметтік желіде Құдайберген Жұбановты әрқашан дәріптеп отырарсыз. Ұрпағы жайлы жете біліңкірмейтін желі қолданушылар сізді қызы деп түсініп қалады. Қыздарымен дидагыңызда да ұқсастық байқалады. Араластыңыз, олар жайлы есіңізде қандай жарқын естеліктер қалды?

— Алдында айттым, Асекең екеуіміз қосылғанда Мұслима апайым батасын берді деп. Құдайберген Жұбанов атамыздың ұрпағының бәрінің көзін көрдім. Тек Қырмызы деген қызы 50 жасында ауырып, ерте кеткен екен. Сол кісіні ғана көрмедім.

Танымал әулеттің кенже келіні ретінде бәріне сый-құрметімді көрсетуге тырыстым. Ахмет Жұбанов атамыздың да ұрпақтарымен араласамын. Кіші қызы Ажар апаймен

Ақтөбеге талай бірге бардық, туған жеріне сапарында қасына серік болдым.

Әлеуметтік желіде Асекемді бір жыл жоқтадым. Кетерінде «Сенің ақылың бар ғой, бала-шағама бас көз бол», — деп тапсырды. Аманат жүгі адамды ширатады. Тез ес жиғызады. Жан жарымның аманатына лайық болуға ұмтылып, бүгінде сол Алматы қаласында, балаларымның ортасында өмір сүріп жатырмын.

Байқап, естіп жүремің ғой, Жұбановтардың текті әулетіне жұрт сырттай қызығады екен, бір-бірімен тату-тәтті деп. Шындығы осы. Қуаныш-қайғыда Жұбановтар ұрпағы қашанда бірге, бір-біріне өте қамқор.

Жақында үлкен атамыздың туғанына 125 жыл толуына байланысты туған жері Ақтөбеде, оның атындағы өңірлік университетте дүркіреп өткен халықаралық іс-шараға қатысып келдім. Пленарлық мәжілісте Асекемнің орнында отырғандай сезіндім. Жаным алайдүлей болып, жүрегім жылап отырды. Өйткені бұл дәстүрлі іс-шараға бірінші рет Асекемсіз барған едім.

Құдайберген Жұбановтың кенже келінімен сырласқан журналист
Гүлнара Қараша

кенже келіні

— Қызыңыз Еңлік Құдайберген Жұбановтың ең кіші немересі болып санала ма? Атақты атасын мақтан тұтатын шығар.

— Ия, Еңлік Асекем екеуіміздің қызымыз. Біз 2000 жылы желтоқсан айында үйлендік, 2001 жылы 26 желтоқсанда Еңлік дүниеге келді.

Асекем қызына осындай ерекше есім берді. 2002 жылы докторлық диссертациясын қорғады, екі жылдан соң профессор атағын алды. Осылайша Еңлік әкесінің ғылыми істеріне рух берді. Қазір әкесін көп есіне алады, сағынады. Кішкентайынан әкесінің үнемі жұмыс жасап отырғанын көріп өскесін Еңлік те еңбекқор. Атасының жолымен, әкесіне ұқсап ғылыммен айналысады. Жас болса да салмақты, саналы. Атасын, әкесін, аға-апаларын құрмет тұтады.

— Дарынды адамның жары ақылды болмаса жетістікке жете алмайды. Асқар ағайдың еңбе-

жылдан асып кетті, студенттердің алдында тұра алмаймын» деп жүрексініп, барғысы келмеп еді, мен «Керісінше жастардан энергия аласыз, барыңыз» деп болмадым. Кейін өкінген жоқ. Ал мен әр лекциясын ұқыптап, жинап отырдым. Соңынан кітаптарына негіз болды. 6 жыл сонда жұмыс істеп, 3 кітабын шығарды. Асекем 82 жасында дүниеден озды. Өмірінің соңына дейін еңбек етті. Шәкірт тәрбиеледі. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері болып қызмет етті. Бөлім басқарды. Қазір сол бөлімде «Асқар Жұбановтың зертханасын» ашып қойған.

Қайран Асекемнің бір ерекшелігі туған күнін балаша күтетін. Ол осы қараша айында дүниеге келген. 2019 жылы соңғы туған күнін өткіздік. Әкесі Құдайберген Жұбановтың 120 жылдығына дайындық жүріп жатқан кез. Ауру мендеп жүрсе де Асекем сол іс-шараға соңғы



✓ Descendants of Kudaibergen Zhubanov

7 ноября — День рождения Акрапа Кудайбергеновича Жубанова. Ему бы исполнилось 96 лет. В прошлом году мы отметили его день рождения выставкой посвященной 95-летию в музее имени Абылхана Кастеева. На этой выставке участвовали 120 художников со всей страны. Было сказано очень много хороших слов благодарности в адрес нашего учителя-директора Алма-Атинского художественного училища им Н.В.Гоголя, в котором он проработал более 30 лет. Светлая память о нем будет всегда в наших сердцах.

В декабре месяце будет отмечаться 125-летие его знаменитого отца Кудайбергена Куановича Жубанова, известного учёного языковеда-лингвиста.



ПАМЯТИ

АКРАПА КУДАЙБЕРГЕНОВИЧА ЖУБАНОВА

Алма-Атинское художественное училище им. Н.В.Гоголя ныне Алматинский художественный колледж им. Орала Тансыкбаева.

Во многом трудами Акрапа Жубанова было создано первое высшее учебное заведение искусства в Казахстане — Алма-Атинский театрально-художественный институт, ныне Театрально-художественная академия им.Жургенова. Им были организованы и созданы многие специальности, по которым обучались сотни молодых людей со всего Казахстана, составивших впоследствии костяк художественной интеллигенции Казахстана.

Его стараниями и при его личном участии десятки лучших выпускников училища продолжали учебу в прославленных художественных вузах СССР в Москве и Ленинграде, Львове, Харькове, Ташкенте и др. Он лично просил руководство этих вузов принимать казахских абитуриентов сверх скупых союзных квот и очень радовался, когда встречал понимание, например, у коллег, активно принимавших наших студентов на учебу.

Отдельной заслугой Акрапа Жубанова были усилия, предпринимаемые им и его педагогическим коллективом, направленные на то, чтобы талантливые дети из казахского аула тоже имели шанс получить профессиональное художественное образование, которого они были лишены не по своей воле: хорошо показавшим себя на творческих экзаменах выпускникам сельских казахских школ делались послабления при сдаче обязательных при СССР вступительных письменных экзаменов по русскому языку. Иначе Казахстан никогда не увидел бы многих и многих своих ныне известных казахских художников, принеших славу нашей стране.

За все время его работы директором художественного училища было подготовлено более

2000 специалистов различных художественных профессий, из них 4 выпускников впоследствии стали лауреатами Государственной премии Казахстана, 8 — Премии комсомола и т.д.

При нем были дополнительно открыты новые специальности, а именно: художественная обработка дерева, художественная обработка металла, художественная обработка ткани, художественная керамика.

Также большой заслугой Акрапа Жубанова были многолетние усилия по организации в Казахстане собственного художественного вуза. Им разрабатывались учебные планы, проекты специальностей, он постоянно обращался к руководству Республики, показывая назревшую необходимость такого решения.

Его усилия увенчались успехом и в 1977 году был открыт первый художественный ВУЗ Казахстана — Алма-Атинский театрально-художественный институт, впоследствии преобразованный в Театрально-художественную академию им. Темирбека Жургенова.

Акрап Жубанов являлся членом Союза художников СССР, часто избирался членом Правления и председателем секции декоративно-прикладного искусства Союза Художников Казахстана, членом различных республиканских экспертных и Художественных советов. За свои заслуги был удостоен звания Заслуженный Работник культуры Казахской ССР.

В 1944 году поступил и в 1948 году окончил Алма-Атинское театрально-художественное училище по специальности “Преподаватель рисунка”.

После окончания художественного училища по распределению поехал в г.Петропавловск работать по специальности — преподавателем рисунка в Петропавловском педагогическом институте(1948-1952).

В 1952 году поступил и в 1958 году окончил ЛВХПУ им. Мухомовой по специальности “Художественная обработка дерева”.

В течение всех шести лет учебы в свободное время занимался поиском в Ленинградских архивах рукописей отцовских работ, (в Казахстане рукописи ученого были изъяты во время ареста в ноябре 1937 года, их следы впоследствии и утеряны) статей и набросков будущих исследований, которые Кудайберген Жубанов, будучи аспирантом Института языка и мышления АН СССР, читал в виде лекций в стенах Ленинградского института живых восточных языков в конце 1920-х годов и сохранившихся только в ленинградских архивах.

Эти работы затем вручную переписывал прямо в хранилище, потому что вынести их было нельзя, как, впрочем, и переписывать. Эти рукописные копии впоследствии были использованы при издании книги “Исследования по казахскому языку” профессора Кудайбергена Жубанова, вышедшей в издательстве “Наука” АН КазССР в 1966 году, первом издании после реабилитации в 1958 году, куда вошли все найденные на тот момент работы ученого.

1958-1962 гг.научный сотрудник сектора искусствоведения Института литературы и искусства им. М.Ауэзова Академии наук КазССР, заведующий секциями Союза художников КазССР, главный художник Министерства местной промышленности КазССР. Вернувшись в Казахстан молодым специалистом-художником пробовал себя в разных ипостасях в области искусствоведения и промышленного дизайна.

1963-1989 гг. работал директором Алма-Атинского художественного училища им. Н.В.Гоголя. Около тридцати лет с двухгодичным перерывом, связанным с работой на посту главного художника г. Алма-Аты, возглавлял Алма-Атинское художественное училище им. Гоголя, единственное учебное заведение искусства в республике.

Биографию составил старший сын Акрапа Кудайбергеновича - Айдар Жубанов. А я получил информацию от внуков Раулана, Раушан Жубановых. Также от Ардак Есетқызы Жубановой, Назым Асқарқызы Жубановой.

Марлан Нысанбаев
Вице-президент АХРК,
член Союза художников РК,
член секретариата и
правления СХРК

(Материал взят
из публикации в личном
аккаунте Facebook)



Ардак Жубанова,
кандидат филологических
наук, внучка Кудайбергена
Жубанова.
г.Алматы

— В первые годы независимости бывший ректор университета Мухтар Арынов пригласил моего отца Есету Жубанова на работу с целью подготовки научных кадров. В то время университет был институтом. Это время, когда учебное заведение было названо в честь нашего дедушки. Тогда в учебном заведении была только кафедра русской филологии.

В первые годы работы моего отца в этом учебном заведении была открыта кафедра теории казахского языка и началась подготовка научных кадров. В это же время мой отец открыл и работал в научно-исследовательской лаборатории "Жубановедение" вместе с Мухтаром Арыновым. В этом году совпадают 125-летие нашего деда Кудайбергена Жубанова и 95-летие моего отца Есету Кудайбергенов. Я чрезвычайно благодарна тем, кто организовал мероприятие такого высокого уровня. Научные труды нашего дедушки Кудайбергена Куановича Жубанова — очень важное наследие.



Енлик Жубанова,
магистрант МУИТ.
г.Алматы

— Я являюсь младшей внучкой Кудайбергена Куановича Жубанова, дочкой Аскара Жубанова.

Я хочу выразить благодарность за организацию юбилейной научно-практической конференции в честь моего знаменитого предка.

☑ Descendants of Kudaibergen Zhubanov

Потомки Кудайбергена Жубанова

Это мероприятие очень много значит для нашей семьи. Я верю, что наследие дедушки не утеряно благодаря вам, исследователям в сфере жубановедения.

На сегодня я продолжаю дело дедушки, обучаюсь в магистратуре Международного университета информационных технологий. Недавно проводила научные разработки в австрийской Вене.

Хочу пожелать хорошего пути в исследованиях.



Дана Али,
пианистка, лауреат
международных конкурсов.
доцент кафедры Фортепиано
и Органа Казахского
национального университета
искусств, обладатель награды
"ҚР Мәдениет саласының үздігі", внучка
Кудайбергена Жубанова по
линии его дочери Қызғалдақ.
г.Бухарест, Румыния

— Кудайберген Жубанов и Ахмет Жубанов — выдающиеся ученые начала XX столетия, внесшие большой вклад в науку Казахстана. Несмотря на то, что Кудайберген Жубанов был первым профессором казахской филологии и лингвистики, его работа «О происхождении жанра Кюй в казахской музыке» является основой в изучении истории развития жанра в казахском музыковедении. Изучив общее в истории языков тюркских народов, он сумел, пользуясь методами сравнения и обобщения, выявить особенности генезиса казахского кюя и предвидеть пути развития данного жанра.

Ахмет Жубанов, являясь композитором, основоположником казахской классической музыки, создателем казахского национального оркестра и основателем профессионального музыкального учебного заведения, а также ученым музыковедом, исследовал по примеру своего брата развитие и становле-

ние жанра кюй. Кроме того, в своих произведениях осуществил пути развития кюя от инструментального до симфонического образца.

Эти исследования были начаты старшим братом К.Жубановым и, в последующем, продолжены в трудах младшего брата А.Жубанова.



Куралай Хамметова,
экономист, правнучка
Кудайбергена Жубанова.
г.Алматы

— Я являюсь правнучкой первого профессора филологии, тюрколога Кудайбергена Жубанова.

Моя бабушка Муслима Жубанова — старшая дочь Кудайбергена Куановича. Она посвятила жизнь педагогике, была доцентом, кандидатом педагогических наук, автором «Әліппе» 1992 года, по которому я училась, а также автором многих других книг и трудов.

Моя мама Карлыгаш Амировна также продолжает династию педагогов. Она является преподавателем в Казахской национальной академии искусств имени Т.Жургенова. По специальности художник-прикладник, учит детей прекрасному. Так она вносит свой вклад в благородное дело, начатое Кудайбергенем Жубановым.

За свои заслуги мама награждена званием «Отличник образования РК», а также ведомственной наградой Министерства культуры РК «Мәдениет саласының үздігі».

У меня другая профессия. Я окончила Казахский национальный технический университет им.К.Сатпаева по специальности «Автоматизация и управление». Также получила второе высшее образование в Академии экономики и статистики по специальности «Экономист». Работала в крупных банках страны главным аналитиком.

Я горжусь, что являюсь потомком Кудайбергена Жубанова. Мы чтим его память и, безусловно, помним о его заслугах перед казахским народом.



Айгерим Магавина,
преподаватель в Tulane
University,
правнучка Кудайбергена
Жубанова.
г.Новый Орлеан, США

— Для меня большая честь быть частью семьи с таким богатым наследием в области образования и лингвистики. Я первая правнучка Кудайбергена Жубанова, известного филолога, тюрколога, одного из основателей научной и казахской лингвистики. Моя бабушка Муслима была старшей дочерью Кудайбергена, а мой отец Кайрат был ее первенцем. Я начала свое образование в музыкальной школе для одаренных детей имени Куляш Байсейитовой, позже окончила консерваторию имени Курмангазы. После завершения учебы в Казахстане мне посчастливилось получить полную стипендию для обучения на степень магистра музыки в университете Новый Орлеан (США), который я окончила с отличием. Сразу после этого я получила должность главного концертмейстера и преподавателя фортепиано в Tulane University. С тех пор я занимаю эту должность. Родившись в такой семье, где почти все родные являются педагогами, всегда чувствую глубокую ответственность как за продвижение образования, так и музыкального образования.

Я думаю, что мои гены помогают мне в любой ситуации в жизни, будь это изучение языков или работа преподавателя. Быть частью такой родословной огромная привилегия, я всегда стараюсь чтить имя и работу моего прадеда.

**Материал подготовлен при
участии факультета
Филологии Zhubanov University.
Декан Б.Б.Ертлеуова.
Конец. Начало в предыдущем
номере №10 (502).**

✓ 125 th anniversary of the birth of K.Zhubanov



**Мұхтар Мирон,
филология
ғылымдарының
кандидаты,
доцент,
жұбановтанушы,
Zhubanov University
«Жұбановтану»
ғылыми-зерттеу
орталығының
жетекшісі**

Жұбанов феномені

Профессор Құдайберген Жұбанов — қазақ филологиясындағы ерекше құбылыс. Ол ғылымға 1920 жылдардың аяғында келіп, 30-жылдардың соңғы ширегіне дейін белсене араласты.

шығып үлгермей жатып цензурамен тәркіленген.

Терминкомның төрағасы ретінде Қ.Жұбанов ғаламат теориялық білгірлік пен ғылыми ұйымдастырушылық қабілетін танытты. 1935 жылдың мамыр айында өкіметтің қаулысымен республиканың Халық ағарту комиссариаты мәдениет қызметкерлерінің тұңғыш съезін шақырады. Съезд жұмысын ұйымдастырушы комитеттің төрағасы етіп профессор Қ.Жұбановты тағайындайды.

Қ.Жұбанов осы съезде қазақ тілінің мәдениетін көтеру, қазақ мектептеріне арналған оқу құралдары мен оқулықтар жасау жөнінде және қазақ тілінің мемлекеттік терминдерін жасаудың принциптерін белгілеу мәселелері бойынша баяндамалар жасайды. Сол съезде Қ.Жұбанов ұсынған қазақ терминдерін жасаудың 10 тармақты принциптері бірауыздан және өзгеріссіз қабылданады.

Қазақ әдеби тілі күні бүгінге дейін физика, математика, биология, химия, география, қоғамдық пәндер бойынша осы принципке негіздеп жасалып, қалыптасқан терминдік атауларды қолданып келеді. Профессор Жұбанов еуропалық деңгейде білім алған тұңғыш профессионал лингвист болғандықтан, тіл білімінің теориялық мәселелерін зерттеуде тек жеке қазақ тілтаным аясында шектеліп қалмай, зерттеу объектісін негізінен түркологиялық таным деңгейінде қарастыра отырып, ғылымның диапазонын (аумағын) жалпы тіл білімі аспектілері шеңберінде талымдаған. Бұған оның 1934 жылы «Политехникалық мектеп» атты журналда «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар» деген айдармен жарияланған еңбектері дәлел.

«Қазақ тілінің фонетикасы» («Дыбыс жүйесі») атты мақаласы 1935 жылы Қазақ ұлт мәдениетін зерттеуші ғылыми институтының «Еңбектер» деп аталатын жинағында жарық көрген. «К постановке исследования истории фонетики казахского языка» атты еңбегі және КСРО Ғылым Академиясының қазақ филиалында лингвистика секторын басқара жүріп әзірлеп, «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» сериясы бойынша 1936 жылы жарық көрген: 1) «Из истории порядка слов в казахском предложении»; 2) «Заметки о вспомогательных и сложных глаголах» еңбектері, сондай-ақ осы сериямен 1937 жылы

жарық көруге тиісті, бірақ цензура тәркілеп, шығармай қойған; 3) «О частях речи в казахском языке»; 4) «Двойные слова синонимического типа»; 5) «Возникновение фонематического различия глухих и звонких»; 6) «Подражательные слова как особые формы словообразования»; 7) «Скотоведческие междометия казахов»; 8) «К природе и генезису залоговых форм в казахском языке»; 9) «Структура местоимения в казахском языке»; 10) «Элементы кинетической сигнализации в женской речи казахов» атты туындылары да осы сөзімізге айқын дәлел.

Қ.Жұбанов 1937 жылы нақақ қараланып, «халық жауы» атанғаннан кейін оның еңбектері ғылыми айналымға түскен жоқ. Ғалым арада 20 жылдай үзіліс өткен соң ғана ақталды. Осы тұста оның есімі қазақ филологиясының жаңа буыны үшін тек қазақ тіл білімінің өкпілі ретінде ғана танылды. Сонау 30-жылдардың орта шенінде ғалым түркологиялық сипаттағы еңбектерін неліктен орысша жазып, жариялағанына ешкім мән бермеді. Ол еңбектердің мазмұны сарапталып, танылмай-ақ, жұртшылыққа «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» деген жалпы атпен ұсынылды. Бірақ қайта жарияланған Қ.Жұбанов мұрасы түгел емес еді. Оның көптеген мақалалары мен кітаптары табылған да жоқ. Ал қолжазба еңбектерінен тек бірлі-жармысы ғана жинақтарға енгізіліп отыр.

Қ.Жұбанов ғылымға 1920 жылдардың соңғы ширегінде келіп араласты. Бұл кезде кеңес еліне В.Лениннің өзі қолдаған, түрік, әзірбайжан халықтары ынта білдірген жаңа латын әліппесін жасау міндеті күн тәртібіне қойылды. Қ.Жұбанов осы латын жазуының белсенді насихатшыларының бірі болды. Аталған кезеңде кеңес мектебі жүйелі түрде бастауыша, орта лау, орта оқу орындарына бөлініп, одан әрі халыққа жоғары білім беру үшін педагогикалық институттар мен университеттер ашу, академиялық ғылымды дамыту, ұлттық ғылым тілін қалыптастыру міндеті тұрды. Сол міндеттерді орындау жолында мол дайындықпен келген Қ.Жұбанов жаңа жазуға негізделген қазақ тілінің әліппесін, емлесін, грамматикасын, терминалогиясын қалыптастыру ісіне белсенді араласты. Сонымен бірге қазақ тілін жоғары оқу орындарына және ғылыми-зерттеу мекемелеріне дер-

Қ.Жұбанов көптеген батыс-шығыс тілдерін жетік меңгерген, славян-герман, роман тілдерін еркін пайдаланып, ал шығыста араб-парсы, шағатай, моңғол тілдерін білген. Оларды түркі тілдерімен салыстыра пайдаланып, оған қоса академик Н.Я.Маррдың шәкірті есебінде грузин, қытай тілдерінің деректерін де өз зерттеулеріне қатыстырды. 1932 жылдың соңында Ленинградтан аспирантура бітіріп келгеннен кейін, ол Қазақ педагогикалық институтында (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ) Қазақ тілі және жалпы тіл білімі кафедрасын басқарған, 1933 жылы Мемлекеттік термин комиссиясының төрағасы болып тағайындалады, ал 1934 жылдан бастап КСРО Ғылым Академиясы Қазақ филиалының тіл, әдебиет секторын басқарған. Сонымен бірге өлкелік партия комитеті жанындағы марксизм-ленинизм институтында аударма жөнінде кеңесші болған және Қазақ ұлт мәдениетін зерттеуші ғылыми институты ғылыми кеңесінің мүшесі және тілтану бөлімінің меңгерушісі болған. Осы уақыт ішінде тіл, әдебиет, мәдениет, тарих, оның халық ағарту, қоғамтану, ұлттану салалары бойынша үздіксіз ізденістер жүргізген. Ал лингвистика мәселелерін ол сол кезде Одақта үстем болып тұрған Н.Маррдың тіл туралы жаңа ілімінің негізінде жалпыеуропалық деңгейде қарастырған.

Қ.Жұбанов ҚазПИ-дің профессоры, Академияның тіл, әдебиет секторының меңгерушісі, халық ағарту комиссариатының коллегия мүшесі және сектор меңгерушісі, комиссариат жанындағы мемлекеттік термин комиссиясының төрағасы бола жүріп, қазақ тіл білімінің практикалық мәселелерімен де мықтап шұғылданған.

Атап айтқанда, Құдайберген

Жұбанов қазақ тілін мектепте оқитудың тұңғыш мемлекеттік бағдарламасын, сонымен бірге қазақ тілінің орталау және орта мектепке арналған екі бөлімді грамматикасын жасаған. Оның бірінші кітабы «Жалпы морфология» деген атпен 1936 жылы жарық көрген, ал 1937 жылы басылып шығуға тиісті екінші кітап синтаксис мәселелеріне арналған еді. Бірақ ол баспадан

бес пән етіп ұсыну үшін тілтанудың теориялық мәселелерін терең де тиянақты зерделей бастады. Бірақ оның ғұмыры қысқа болды. Аспирантураны бітіріп келгеннен кейін ҚазПИ-дің қабырғасында, халық ағарту жүйесінде небәрі 5-ақ жыл еңбек етті. Алайда біз ғұламаның сол аз уақытта жазып қалдырған терең теориялық әрі практикалық мұраларын әлі күнге түгел тауып, зерттеп болған жоқпыз. Біздің мақсатымыз — Құдайберген Жұбановтың рухани танымын барынша қамтып, жан-жақты түсіне білу.

Профессор Қ.Жұбанов ұлы ақын Абай Құнанбаев туралы 1934 жылы «Абай — қазақ әдебиетінің классигі» деген мақала жариялады. Бұл мақалада айтылған қағидалардың қазақ әдеби тілі мен қазақ әдебиетін зерттеу үшін тарихи рөлі, маңызы аса зор болды. Егер ол кездегі Абай турасындағы, оның творчествосын бағалау жайындағы айтыс-тартыстар мен көзқарастарды еске алсақ, бір алуан пікір иелері — Абайды, оның творчествосын бұрынғы үстем тапқа телгені, енді бір алуаны — Абайдың әдеби мұрасын халыққа тән деп бағалағаны, үшіншілері оған әрі-сәрі қарағаны мәлім. Дәл сол кезде қазақтың халық әдебиеті мен оған Абайдың көзқарасы қандай болғандығын, ақынның халық әдебиетінен қандай нәр алғанын, Абайдың шығыс әдебиетіне қатысын, оның несіне назар аударып, несінен безінгенін, орыс әдебиетінен қандай үлгі-өнеге алғанын тарихи жағынан толық сипаттап, ғылыми жолмен дәлелдеген, Абайды қазақ әдебиетінің ескі жұртынан да, «ислам мәдениетінің кірлі көрпесінен» де сілкініп шыққан, қазақ әдебиетін жаңа бағытқа салып, қазақ мәдениетін жаңа соны жолға түсірген ақын деп танып, оның (Абайдың) тарихи қызметін ең алғаш рет дұрыс бағалаған профессор Қ.Жұбанов еді.

«Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» (1936 жылы) атты мақаласында ғалым-публицист қазақ тілінің тұтастығын, біркелкілігін сөз еткенде, тіліміздің бұл қасиеті қазақ халқының ішкі-сыртқы жағдайларымен байланысты ертерек, яғни XIV-XVIII ғасырлар аралығында қалыптасқанын айтады. Бұдан біз Қ.Жұбанов тек лингвист тілші ғана емес, кең тынысты филолог-шығыстанушы деген ой түйеміз.

Келесі бір орны бөлек дүние — «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жөнінен» атты, тіл мен тарих деректері негізінде жазылған еңбегі. Мұнда автор музыка терминдерінің (домбыра, қобыз, т.б.) этимологиясын, яғни түп-төркінін ашып береді. Сол кездегі оқымыстылардың музыка саласы бойынша еңбектеріндегі пікірлердің біреуін қостап отырса, екінші біреуіне қарсы дау айтады. Зерттеуде тек қазақ мәдениеті ғана емес, басқа да көптеген халықтардың рухани ой-өрісі ашып көрсетіледі.

Профессор Жұбановтың артына қалдырған мол мұрасына шағын талдау жасау арқылы біз оның ұлт руханиятындағы орнын, ғылым әлеміндегі феномен екенін тағы бір жеткізуді көздедік.

aqtobegazeti.kz

☑ Main news

ЖАҢА КІТАП

Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінде өткен XI «Жұбанов тағылымы» Халықаралық ғылыми конференция барысында Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі Әлия Ұлықпанованың «Қ.Жұбанов: Тұлға және уақыт. Фотомұрағат» атты көлемді кітабының таныстырылым рәсімі жасалды.

— Тіл білімі бойынша қазақтың тұңғыш профессоры Құдайберген Жұбановтың туғанына 125 жыл толуына және Құдайберген Жұбановтың ортаншы ұлы, профессор, біздің университетте ғылыми мектептің негізін қалаған Есет Жұбановтың туғанына 95 жыл толуына орай ерекше форматта «Құдайберген Жұбанов. Тұлға және уақыт. Фотомұрағат.» кітабын жарыққа шығардық. Халықтың оқуына ыңғайлы бір еңбек жасағым келіп, бірнеше жыл Құдайберген Жұбановтың отбасында және мұрағаттарда сақталған фотоларын жинадым. Сол фотоларды бір ізге сала отырып, тұлғаның туғанынан бастап, білім алған жылдарын, елге еңбек еткен уақытын, әрі қарай республикалық деңгей-

«В честь 125-летия со дня рождения первого казахского профессора языкознания Кудайбергена Жубанова и 95-летия со дня рождения его среднего сына, профессора, основателя научной школы в нашем университете, Есета Жубанова, мы выпустили книгу в особом формате. Я хотела создать удобное для чтения издание, несколько лет собирала фотографии, хранящиеся у членов семьи Кудайбергена Жубанова и в архивах. Эти фотографии мы систематизировали, охватив период с самого рождения, включая годы учебы, работы, а также участия в крупных общественных делах на республиканском уровне. В книге также расписана родословная семьи», — рассказала автор.

Кроме того, в книге представлены фотографии, отражающие развитие науки жубановедения в регионе и современный облик университета имени К. Жубанова.

NEW BOOK

At the XI International Scientific Conference "Zhubanov Tagylymy", held at the K. Zhubanov Aktobe Regional University, a book presentation took place for "K.Zhubanov: Personality and Time. Photo Archive" by Aliya Ulykpanova, a senior lecturer in the Department of Kazakh Literature and Master of Humanities.



де ірі қоғамдық істерге араласу кезеңін қамтыдық. Бұл кітапта отбасы шежіресі де жазылған», — деді автор.

Сондай-ақ кітапта өңірдегі жұбановтану саласының дамуы мен Қ.Жұбанов атындағы өңірлік университеттің бүгінгі келбеті де фотосуреттермен көрсетілген.

НОВАЯ КНИГА

На XI Международной научной конференции «Жұбанов тағылымы», которая прошла в Актюбинском региональном университете имени К.Жубанова, состоялась презентация книги старшего преподавателя кафедры казахской литературы, магистра гуманитарных наук Алии Улыкпановой «Қ.Жұбанов: Тұлға және уақыт. Фотомұрағат» («К.Жубанов: личность и время. Фотоархив»).

"In honor of the 125th anniversary of the birth of the first Kazakh linguistics professor, Kudaibergen Zhubanov, and the 95th anniversary of his middle son, Professor Yeset Zhubanov, the founder of a scientific school at our university, we published this book in a special format. I aimed to create a reader-friendly edition, spending several years collecting photographs from the family members of Kudaibergen Zhubanov and archives. We systematized these photographs, covering the period from his birth, including his years of study, work, and participation in major public events at the national level. The book also includes a detailed family genealogy," shared the author.

Additionally, the book features photographs reflecting the development of Zhubanov studies in the region and the modern image of Zhubanov University.

✓ Scientific
internship

Қуанышпен

Болашақ халықаралық бағдарламалар орталығының 500 ғалым жобасымен Ұлыбританияның Сассекс (The University of Sussex) танымал ғылыми-зерттеу университетінде ғылыми тәжірибеден өтіп жатқанымға бір айдан асты.

Мақсатыма түрткі болған — университетте оқытушыларға тегін ұйымдастырылған ағылшын тілі курсы. Осы жобаны қолға алып, оқытушыларға бағыт-бағдар көрсеткен университеттің білікті басшысы Лаура Чапайқызы Қараба-соваға алғысым шексіз. Бұл көптеген әріптестерімнің осындай жетістікке жетуіне жол ашқан тиімді жобалардың бірі деп білемін.



кездескенше!

1960 жылы құрылған Сассекс университеті Англияның оңтүстігінде, Брайтон қаласының жанындағы South Downs ұлттық паркінде орналасқан.

Курорттық Брайтон қаласында тұратын халық саны — 270 400. Климаты жылы, ылғалды, жаңбырлы екен. Өзге климатқа жәймен үйреніп келемін.

Әйгілі, ұзындығы 5 шақырым құрайтын Брайтон Бич жағажайы осында. Мұнда туристер өте көп. Сондықтан болар түрлі ұлт өкілдерін көресіз. Брайтондықтар өте сипайы, қайырымды, көмек сұраңыз асықпай жол сілтеп, түсін-

Білім алып жатқан университетіме келер болсақ, жалпы университет атауы (англ. Sussex, /'sʌsɪks/; ежелгі ағылш. Suth-Seax — Süpsēaxe (South Saxons); оңтүстік сакстар тұрған Англияның оңтүстік шығысындағы тарихи графтық дегенді білдіреді.

Университеттің халықаралық рейтингтердегі орындары жоғары дейгейде. QS World University Rankings by Subject 2024 рейтингісі қорытындысымен Даму саласын зерттеу категориясы (Development Studies) бойынша әлемдік университеттер арасында 1-орынға ие. Times Higher Education (THE) World



діріп жібереді. Англия ескі тарихи орындар мен ғимараттарды сақтап қалуға тырысады. Қаланың ортасында ескі құрылыстар, замонар, шіркеулер мен телефон будкалары т.с.с. көп кездестіресіз. Винтаждық киімдер мен заттар дүкенінен антиквариат дүниелерді сатып алуға болады. Әр адым сайын қайырымдылық дүкендері бар. Бұл салаға британдықтар қатты мән береді екен. Англия сонымен әсерлі, қызықты.

Білімді толықтырып, тәжірибемді жетілдірумен қатар өзге елдің мәдениетімен танысу да ғажал сезімдер сыйлауда.

University Rankings 2024 рейтингісі бойынша Ұлыбритания бойынша 26-шы орында, ал әлем бойынша 151 орынға ие. Университет кампусы өте үлкен, қалашық типінде салынған. Кітапханасы қалашықтың орталығында орналасқан.

Тағлымдамадан өтушілерге ең керегі тәулік бойына ашық кітапханасы ғой. Оны алғаш рет 1973 жылы королева ашқан. Кітапханада 800 000 кітап, 58 000 журнал, көптеген мәліметтер базасы, сандық мұрағаттар бар. Әйгілі ағылшын жазушылары Вирджиния Вулф және Редьярд Киплингтің шығармала-

рының түпнұсқасымен осында табысуға мүмкіндік бар.

Университетте 19 000-ға жуық білім алушы бар. Оның 30% шетелдік студенттер болса, үштен бірі постдокторлық білім алуда. Университеттің халықаралық бірлестігі 140 елден келген білім алушыларды біріктіріп отыр. Осы бойынша университет 2021 жылы Global Student Satisfaction Awards мадақтамасын иеленген. Сассекс университетінің 5 қызметкері Нобель сыйлығының лауреаты атанған. Профессорлары өте қарапайым, жылы қарсы алып, түсіндіріп, жеткізе алмай жатсақ, ешқандай уайымдама, өзінді бос ұста деп барлық сұраққа жауап беруге дайын.

Аянбай еңбек ету кез келген мақсатқа жеткізеді. Білім саласында оқытушылық позициядан басқа, көп жылдар бойы білім алушылар-

ды қабылдау, кәсіби бағдар беру бөлімінде басшылық тәжірибем осылай білім саласындағы зерттеулер бағытына ұласты. Зерттеу тақырыбым "Жоғары білім берудегі инновациялар және академиялық көшбасшылық". Халықаралық тәжірибем нәтижелі болады деп сенемін.

Осы сапардан көптеген құнды білімдер мен мол тәжірибе игеріп, университетімнің дамуына үлкен үлес қоссам деген ниетім оңынан болсын.

Қуанышпен кездескенше!

Рауан Жалтырбаева
Zhubanov University
Экономика және құқық
факультетінің «Құқықтану»
кафедрасының аға оқытушысы,
заң ғылымдары магистрі.
Брайтон қаласы, Ұлыбритания



☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news



РЕКТОР КӨШБАСШЫЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІМЕН БӨЛІСТІ

Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова педагогикалық бағытта білім алып жатқан магистранттарға дәріс оқып, өзінің білім берудегі көшбасшылық тәжірибесімен бөлісті.

«Бүгін университетімізде педагогикалық бағытта білім алып жүрген магистранттарға арнайы дәріс өткіздім. Білім беру саласындағы көшбасшылық және менеджмент тұжырымдары, көшбасшылық теориясы мен практикасы, өзгерістерге басшылық ету негіздері туралы сөйлесіп, пікір алмастық.

Білім алушыларға пайдалы дәріс болды деп сенемін. Кездесуден өзім де шабыт алып шықтым.

Болашақ әріптестерімнің білім берудегі әділдік пен теңдік мәселесіне, гендерлік аспектілерге қатысты сұрақтарға тоқталғаны ерекше қуантты», — деді ректор дәрістен соңғы әсерімен бөлісіп.

РЕКТОР ПОДЕЛИЛАСЬ ОПЫТОМ ЛИДЕРСТВА

Ректор Zhubanov University Лаура Карабасова провела лекцию для магистрантов, обучающихся по педагогической программе, поделилась своим опытом лидерства в сфере образования.

«Сегодня я провела специальную лекцию для магистрантов, обучающихся по педагогической программе нашего университета. Мы обсудили такие концепции, как лидерство в образовании и менеджмент, теорию и практику лидерства, а также основы управления изменениями. Уверена, что лекция была полезной для студентов. Эта встреча дала мне большое вдохновение. Особенно меня порадовали вопросы будущих коллег о справедливости и равенстве в образовании, а также вопросы, касающиеся гендерных аспектов», — поделилась ректор своими впечатлениями после лекции.

THE RECTOR SHARES LEADERSHIP EXPERIENCE

The Rector of Zhubanov University, Laura Karabasova, delivered a lecture for master's students enrolled in the pedagogical program, sharing her leadership experience in the field of education.



"Today, I gave a special lecture for the master's students in our university's pedagogical program. We discussed concepts such as leadership in education, management, the theory and practice of leadership, and the fundamentals of change management. I am confident that the lecture was beneficial for the students. This meeting was a great source of inspiration for me. I was especially pleased by the questions from our future colleagues about fairness and equality in education, as well as those addressing gender aspects," the rector shared her impressions after the lecture.

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

ДИМАШТЫҢ КӨРМЕСІ

Ақтөбе облыстық өлкетану музейінде Қазақстанның халық артисі, композитор және мультиаспапшы Димаш Құдайбергennің шығармашылығына арналған «Дүние дидарындағы Димаш» атты көрме ашылды.

Бұл көрме әлем әнсүйерлерінің сүйіктісіне айналған Димаш Құдайбергennің шығармашылық жолы мен жетістіктерін көрсететін бірегей мәдени кеңістік іспетті. «Дүние дидарындағы Димаш» көрмесіне артистің өміріндегі елеулі оқиғалар туралы хабар беретін құндылықтар, танымал тұлғалар мен көптеген жанкүйерлердің оған ұсынған сыйлықтары қойылған.

Көрме мазмұны жағынан бір-бірімен байланысты төрт бөлімнен тұрады. Оның алғашқы бөлімі «Шабыт көздері» деп аталады. Мұнда Димаштың өмірбаяны, өскен ортасы, балалық шағы мен шығармашылық жолын көрсететін фотосуреттер мен жеке-жеке заттар жинақталған. Ал «Даңққа апарар жол» бөлімінде — Димаштың кәсіби білім жолында алған дипломдары, республикалық, халықаралық байқауларда иеленген марапаттары туралы мол мағлұмат бар. Үшінші бөлім «Жанкүйерлер махаббатына» арналған. Онда артистің жанкүйерлері тарту еткен сыйлықтар жинақталған. Сондай-ақ «Ұлт мәдениетінің жаршысы» бөлімінде де қызықты құндылықтар қойылған. Келушілер осы бөлімнен әлемдік аренада ұлттық мәдениет пен брендтің танылуына ықпал еткен Димаштың жеке заттарын, оның ішінде, ұлттық музыкалық аспаптарын, ұлттық костюмдерін, баспа материалдарын және тағы да басқа мазмұндағы дүниелерін тамашалай алады.

ВЫСТАВКА ДИМАША

В Актобинском областном краеведческом музее открылась выставка «Димаш на мировой сцене», посвящённая творчеству на-



родного артиста Казахстана, композитора и мультиинструменталиста Димаша Кудайбергена.

Эта выставка представляет собой уникальное культурное пространство, демонстрирующее творческий путь и достижения Димаша Кудайбергена, который завоевал сердца слушателей по всему миру. Экспозиция включает ценные предметы, рассказывающие о ключевых моментах жизни артиста, а также подарки от известных личностей и многочисленных поклонников.

Выставка состоит из четырёх тематически связанных разделов. Первый раздел, «Источники вдохновения», содержит фотографии, личные вещи, а также материалы, рассказывающие о биографии Димаша, его окружении, детстве и начале творческого пути. Раздел «Путь к славе» посвящён его профессиональному обучению, дипломам, наградам, завоеванным на республиканских и международных конкурсах.

Третий раздел, «Любовь поклонников», представляет подар-

ки, преподнесённые артисту его поклонниками. Раздел «Посланики национальной культуры» демонстрирует личные вещи Димаша, способствовавшие популяризации национальной культуры и бренда на мировой арене. Здесь посетители могут увидеть национальные музыкальные инструменты, костюмы, печатные материалы и другие предметы, связанные с деятельностью артиста.

DIMASH EXHIBITION

An exhibition titled "Dimash on the World Stage" has opened at the Aktope Regional Museum of Local History, dedicated to the creative work of Dimash Kudaibergen, Kazakhstan's People's Artist, composer, and multi-instrumentalist.


This exhibition serves as a unique showcase of Dimash Kudaibergen's artistic journey and achievements, which have won the hearts of audiences worldwide. The display includes valuable items high-

lighting significant moments in the artist's life, as well as gifts from renowned figures and numerous fans.

The exhibition is divided into four interconnected thematic sections. The first section, "Sources of Inspiration," features photographs, personal belongings, and materials about Dimash's biography, environment, childhood, and early creative path. The section "Path to Fame" focuses on his professional education, diplomas, and awards earned in national and international competitions.

The third section, "Fans' Love," showcases gifts presented to the artist by his fans. The section "Ambassador of National Culture" highlights Dimash's personal items that have contributed to the promotion of national culture and brand recognition on the global stage. Visitors can explore national musical instruments, costumes, printed materials, and other artifacts related to the artist's activities.

Басты жаңалықтарды әзірлеген
Айерке Сұлтанбекова





☑ Meeting with the mayor

Диалог алаңы — ZHUBANOV UNIVERSITY КІТАПХАНАСЫ

Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров студент-жастармен кездесіп, қоғамның дамуына негіз болатын жалпыға ортақ құндылықтарды талқылады.

Өңір басшысымен кездесуге оқудағы жетістіктерімен ерекшеленген, маңызды шараларда белсенділік көрсеткен студенттер қатысты. Олардың арасында білім беру және қоғамдық саланың дамуына үлес қосқан түрлі олимпиадалардың, конкурстар мен бастамалардың жеңімпаздары болды.

Асхат Шахаров жастарға қол жеткізген жетістіктері үшін алғысын білдіріп, жастарды одан әрі қолдаудың маңыздылығын атап өтті.

«Сіздер — табандылық пен көшбасшылықтың үлгісісіздер.

Жетістіктеріңіз басқаларға үлгі, қажырлы еңбек пен білімге ұмтылу нәтиже беретінін дәлелдеп келесіздер», — деп атап өтті өңір басшысы.

Сондай-ақ кездесуде Мемлекет басшысы ұсынған негізгі идеологиялық тұжырымдар негізінде пікір алмасылды. Сонымен қоса, оқу жағдайларын жақсартуға, талантты жастарды қолдауға, студенттерді әлеуметтік және еріктілер жобаларына тартуға қатысты мәселелер көтерілді. Қатысушылар облыс әкіміне өзін-өзі дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ашуға байланысты өз идеялары мен ұсыныстарын айтты.

Басқосуға қатысушылар қоғамның негізгі проблемалары: нашақорлық, лудомания, вандализм және жастар арасындағы қылмыспен күресу мәселелерін талқыға салды. Асхат Шахаров жастарға алға қойған міндеттерді шешу үшін бірлескен күш-жігер қажет деді. Ол бүгін осы қиындықтарды жеңе оты-

рып, ертең жарқын және табысты болашаққа қол жеткізуге болатындығын жеткізді.

«Ұлттық Құрылтайда сөйлеген сөзінде Президент Қасым-Жомарт

Тоқаев жастарға қатысты осы өзекті мәселелерге назар аударды. Бүгінгі таңда қоғамда лудомания, есірткі, вандализм сияқты жағымсыз құбылыстар кеңінен таралғанын мойындауымыз керек. Өкінішке қарай, жастар арасында құқықбұзушылықтар да жиі кездеседі. Біз мұндай кездесулерді көрсету үшін емес, тиімді өткізуге міндеттіміз. Осы мәселелерді көтеріп, оларды шешудің бірлескен жолдарын іздеуіміз керек. Өңірде халықтың 30 пайызы — жастар. Әсіресе, жастарды жұмыспен қамту мәселелеріне, ауыл жастарының проблемаларына көңіл бөлу аса қажет. Бұл кездесу маңызды және келесі жылға арналған жоспарларды айқындайды. Біз нақты стратегиялар құрып, нақты шешімдер әзірлеуіміз керек», — деді өңір басшысы кездесу барысында.

Асхат Шахаров бүгінде облыста жас ұрпаққа даму үшін көптеген мүмкіндіктер жасалғанын атап өтті: коворкинг-орталықтар жұмыс істейді, гранттық қолдау бағдарламалары әзірленді, оқыту тренингтері мен шеберлік сыныптары өткізілуде. Облыс әкімі жастарды белсенді әрі сенімді болуға, өз идеяларын ұсынудан қорықпауға және өз мақсаттарына берік болуға шақырды.

«Біздің аймақтың болашағы — өздеріңізге байланысты. Бойларыңыздағы талант, энергия және ұмтылыстарыңыз өңіріміздің өсіп-өркендеуіне сеп. Біз әрқашан сіздерді қолдауға дайынбыз», — деп сөзін бітірді Асхат Шахаров.

**Ақтөбе облысы әкімдігі
Баспасөз қызметі**



Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №КЗ26ВР00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**Басқарма төрағасы-Ректор
Лаура Қарабасова**

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айгерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Нұрша Биданова

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана